

Ф.Ш. Оразбаева^{1*} , Ж.Т. Дәулетбекова² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: f_orazbaeva@mail.ru

КОММУНИКАТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМА: АЙТЫЛЫМ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Кіріспеде коммуникативтік-прагматикалық парадигманың жаңа, өзекті бағыт екендігімен қатар, бұл идеялардың негізі ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектерінен бастау алатындығы айтылады. Білім беру үдерісінде жас ұрпақтың тұлғалық мәдениетін, сөз мәдениетін жетілдіру оның азаматтық келбетін, ұлттық санасы мен ділін қалыптастыруға да мол мүмкіндік беретіндігі әр кезеңдегі ойшылдардың пікірлерімен дәйектелген. Мақалада тұлғаның айтылым мәдениетін қалыптастыру мәселелерін қарастыру мақсат етілгендіктен, сөйлесім әрекетінің құраушы бөлігі – айтылымның ерекшеліктері жан-жақты сараланады. Осы орайда ауызша мәтін құрау дағдыларын меңгертуде коммуникативтік-прагматикалық әдісті қолдану тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделген.

Мақала авторлары – «Тілдік коммуникация парадигмалары: әдеби айтылым мен латынәліп-билі жазылым» жобасына қатысушылар. Сондықтан мақалада осы жоба аясындағы зерттеу тұжырымдары да қамтылып отыр. Эксперимент барысында білім алушыларға нақты бір мақаланы талдау үшін ауызша сөзді әзірлетуде құрылымдық сызбамен жұмыс ұсынылады. Білім алушылардың осындай нақты бағыт бағдар алуы арқылы олардың коммуникативтік-прагматикалық парадигмаға сай ауызша сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасына тән сөйлеу дағдыларын меңгеретіндігі дәлелденіп, қол жеткізген нәтижелері санамаланып берілген.

Монологтік мәтіндердің құрылымдық мазмұндық бөліктерін дұрыс құрауы, меңзеуі және сөйлеушіні айтылым мәдениетіне үйретуде негізгі ойды берудегі абзацтың дұрыс қолданылуы коммуникативтік мақсатқа жетудің негізгі шарттарының бірі екендігі сараланған. Сөздің коммуникативтік сапасының көрсеткіші тек мәтінмен ғана шектеліп қоймай, қатысымның тілдік емес ең негізгі шартының бірі – адресат факторының да басты назарда болу керектігі де пайымдалған.

Түйін сөздер: коммуникативтік-прагматикалық парадигма, әдеби айтылым, ауызекі сөйлеу, сөз мәдениеті, әдеби тіл нормалары, тілдік қатынас, сөйлесім әрекеті.

F.Sh. Orazbaeva¹, Zh.T. Dauletbekova²

¹Abai Kazakh National University Agro university, Kazakshtan, Almaty

²Kazakh-British Technical university, Kazakshtan, Almaty

*e-mail: f_orazbaeva@mail.ru

Communicative-pragmatic paradigm: the importance and opportunities for the formation of speech culture

The introduction outlines the communicative-pragmatic paradigm, which is a new, relevant direction, these ideas are based on the work of the intellectuals of the nation at the beginning of the twentieth century. The opinion of thinkers of different periods is argued that the improvement of the culture of the younger generation personality, the culture of the word in the educational process allows to form its civic appearance, national consciousness and mentality. The goal of the article is to consider the issues of the formation of a person's pronunciation, the components of speech activity are comprehensively differentiated – the peculiarities of pronunciation. In this regard, the effectiveness of the use of the communicative-pragmatic method in mastering the skills of oral text formation has been scientifically substantiated.

The authors of the article are participants in the project «Paradigms of language communication: literary pronunciation and Latin American writing». Therefore, the article also contains the findings of the research within the framework of this project. During the experiment, students are offered to work with a structural diagram of the oral speech development for the analysis of a specific article. It is proved that students, acquiring such a specific orientation, acquire speech skills characteristic of the communicative

quality of oral speech culture in accordance with the communicative-pragmatic paradigm, the achieved results are listed.

It is differentiated that the right compilation, indication of the structural and content parts of monologue texts and the correct use of the paragraph in the transmission of the main idea when teaching the speaker the culture of pronunciation is one of the main conditions for achieving a communicative goal. It is assumed that the indicator of the communicative quality of a word is not limited only to the text, but also one of the main non-linguistic conditions of the participle is the addressee factor.

Key words: communicative-pragmatic paradigm, pronunciation, literary speaking, speech culture, norms of literary language, language communication, text, conversational activity.

Ф.Ш. Оразбаева^{1*}, Ж.Т. Дәулетбекова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

²Казахстанско-Британский технический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: f_orazbaeva@mail.ru

Коммуникативно-прагматическая парадигма: значение и возможности формирования культуры разговорной речи

Во введении излагается о коммуникативно-прагматической парадигме, которая является новым, актуальным направлением, в основе этих идей которого лежат работы интеллигенции нации начала XX века. Аргументировано мнение мыслителей разных периодов о том, что совершенствование культуры личности подрастающего поколения, культуры слова в образовательном процессе позволяет сформировать его гражданский облик, национальное сознание и менталитет. В связи с тем, что в статье ставится цель рассмотреть вопросы формирования культуры произношения личности, всесторонне дифференцируются составляющие речевой деятельности – особенности произношения. В этой связи научно обоснована эффективность применения коммуникативно-прагматического метода в овладении навыками устного текстообразования.

Авторы статьи – участники проекта «парадигмы языковой коммуникации: литературное произношение и латиноамериканское письмо». Поэтому в статье также содержатся выводы исследования в рамках данного проекта. В ходе эксперимента обучающимся предлагается работа со структурной схемой разработки устной речи для анализа конкретной статьи. Доказано, что обучающиеся, приобретая такую конкретную направленность, приобретают речевые навыки, характерные для коммуникативного качества устной речевой культуры в соответствии с коммуникативно-прагматической парадигмой, перечисляются достигнутые результаты.

Дифференцировано, что правильное составление, указывание структурно-содержательных частей монологических текстов и правильное использование параграфа в передаче основной мысли при обучении говорящего культуре произношения является одним из основных условий достижения коммуникативной цели. Предполагается, что показатель коммуникативного качества слова не ограничивается только текстом, но и одним из основных неязыковых условий причастия является фактор адресата.

Ключевые слова: коммуникативно-прагматическая парадигма, литературное говорение, разговорная речь, культура речи, литературная норма языка, языковое общение, речевая деятельность.

Кіріспе

Ғылым – ғаламды танудың кілті. Ғылым – оқу орындарының барлық сатысында берілетін білімнің тұғыры мен негізі. Заманауи педагогикада білім мазмұнын жетілдірудің ең маңызды факторларының бірі ретінде пәнге сәйкес ғылымның дамуын ескеріп отыру керектігі көрсетілген. Сондықтан олардың бір-бірімен тығыз сабақтастықта болуы заңды. Олай болса, қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың лингвистикалық, коммуникативтік, мәдени-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру жолдарын дамытуда қазіргі тіл біліміндегі

жанашылдықтар міндетті түрде ескеріліп отырады.

Өзгермелі әлемнің сырын зерделейтін заманауи гуманитарлық ғылымдар дамуының басты тегершігі саналатын антропоэзектік парадигма жаңа тұғырнамалық идеялардың тууына, жаңа салалардың өрістеуіне жол ашты. Сол жанашылдықтардың басында тілді зерттеумен байланысты да іргелі бағыттар пайда болып, жедел қалыптаса бастады. Зерттеушілердің пайымдауына сүйенсек, «қазіргі дәуір лингвистикасында бір-бірімен тығыз байланысып жатқан, бірақ әрқайсысының өз зерттеу нысаны мен кеңістігі, салалары мен әдістері бар төрт

түрлі макропарадигма қатар қызмет етіп келеді. Олар: салыстырмалы-тарихи (компаративистік), құрылымдық, коммуникативтік-прагматикалық және когнитивті-дискурсивтік» (Комарова, 2013: 66). Осының ішінде тілді субъективті құрылым ретінде мойындатқан антропоэзектік супер-парадигманың аясындағы зерттеулерде айрықша мәнге ие болып отырғаны коммуникативтік-прагматикалық және когнитивтік-дискурсивтік парадигмалар.

Әдебиетке шолу

Коммуникативтік-прагматикалық парадигма тілдің жұмсалымдық қызметін зерделеуге басымдық бере отырып, адамның сөйлеу әрекетінің діндеген мақсатқа сай жүзеге асуының мүмкіндіктерін танытуды көздейтін жаңа бағыт десек те, қазақ тіл білімінде бұл идеялардың негізі ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектерінде асқан тереңдікпен дәйектелгенін айтпай кетуге болмайды. Тілдің ең басты қызметі оның қарым-қатынас құралы болуымен байланысты екенін айқындаған Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жараяу. Оны басқаларға жеткізу үшін шеберлік керек. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» – дейді (Байтұрсынұлы, 2006: 141). Олай болса, ғалым бұл пікірінде тілдің қатысымдық мүмкіндігі мен әлеуеті шексіз, тек оның «нұрын, сырын көріп» (Абай) қолдануға жарарлық таным мен түйсік, сөзді нәзік иіріміне сай жұмсайтын талғам мен сезгірлік керек дегенді меңзеп тұр. Тілді жұмсай білетін адам табылса, тілдің коммуникативтік, прагматикалық мүмкіндігі мен қызметі ашыла беретінін айтады. «Осы бір қысқа ғана тұжырымда әлемге танымал тілші ғалымдардың ғасырлар бойы зерттеп, дәлелдеп, бірақ әрқайсысы әртүрлі атап келген (Ф. де Соссюр – язык и речь; Л. Ельмслев – схема и узус; Н. Хомский – компетенция и 14 употребление) тіл мен сөйлеудің арақатынасы анық, дәл көрсетілген. Ең бастысы, тілдің құрылымдық жүйесімен ғана шектелмей, сөйлеу (речь) барысындағы коммуникативтік қызметіне, мұндағы сөйлеушінің тұлғасына на-

зар аудару А. Байтұрсынұлының зерделі ой кеңістігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметінің тіл иесінің (адамның) болмысымен сабақтастығын ұлы ғалым дөп басып аңғарған» (Аккузова, 2020: 13-14).

Материал және әдістер

Тіл мен сөйлеу – бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар. Олардың бірінде тұлғаның ойы мен санасындағы шындық бейнеленсе, екіншісінде сөзді құрал ретінде қолдану шеберлігі айқындалады. Сонда олардың бірі таныммен, ал екіншісі өзінің таныған нәрсесін дұрыс қиыстырып жеткізуімен дараланатын интеллектуалдық әрекет болып саналады. Олай болса, сөз иесінің коммуникативтік, прагматикалық, әлеуметтік және сонымен қатар сөз әдебін сақтау біліктері біріге келіп, оның тұлғалық мәдениетінің көрсеткішіне айналады. Сол себепті қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту үдерісінде де, оны өзге тілді тұлғаларға үйрету барысында да сөз мәдениетінің талаптары мен қағидаларын меңгерту, сөйлеу амалдары мен тәсілдерін өзара бірлікте меңгерту басты назарға алынуы тиіс.

Орта ғасыр ойшылдары мәдениетті тек тәлім-тәрбиемен үйлесімділік немесе тәртіп өлшемі ретінде ғана емес, адамның үнемі рухани жетілуі және жан-жақтылығы деп бағалады. Олар адамның ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қолдады. Ғалымдардың мына пікірі мәдениет адамның өз мүмкіндіктерін, ақыл-ойын жетілдіреді дегенге саяды: «Адам өзінің табиғи жаратылысынан-ақ қабілетті, ақылды жан және соны тиімді пайдаланудың нәтижесінде адам игілігіне сай қоғам құруға қабілетті» (Кант, 1988: 23).

Адамзат дамуының ежелгі кезеңдерінің өзінде-ақ Табиғат – Адам – Қоғам сабақтастығы тұлға мәдениетін айқындаудың басты өзегі етіп саналды. Сол арқылы философия ғылымының орталық мәселесі ретінде «мәдениет» ұғымына ерекше ден қойылды. Жеке адамның мәдениеті өзінше бөлек қарастырылған жоқ, сол өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қоғамның да мәдени деңгейін айқындаушы деп саналды. Мәселен, Кант: «Мәдениет – бостандық патшалығына барар жол», – деді (Кант, 1988: 281). Бұл ойдың адамзаттық дамудағы маңызы мәдениетті гуманистік тұрғыдан қарастыруында еді. Шындығында да, адамның ішкі мәдениеті дамыған сайын ол батыл да еркін болады. Мәдениеттілік адамға өзіне деген сенімділікті арттырып, рухын

күшейтеді. Себебі Эдуард Тэйлор айтқандай, «мәдениет жеке адам мен бүкіл қоғамды, адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдірудің ерекше құралы болып саналады» (Тэйлор, 1989: 78). Олай болса, білім беру үдерісінде жас ұрпақтың тұлғалық мәдениетін, сөз мәдениетін жетілдіру оның азаматтық келбетін, ұлттық санасы мен ділін қалыптастыруға да мол мүмкіндік береді деген сөз.

Жас ұрпақты сөйлеу әдебіне ғана емес, қарым-қатынас мәдениетіне баулу арқылы ұлттық діл мен ұлттық сананы қалыптастыру мәселесі де оңтайлы шешімін табатыны сөзсіз. Өйткені қазақ халқында сөзді бүкіл өнердің басы деп бағалаған қағида жатыр. «Өнер алды – қызыл тіл» деген өмірлік байлам астарында халық танымының тереңдігі мен талғамының биіктігі қатар көрініп тұр. Сол себепті оқыту үдерісінде сөз мәдениетін қалыптастыруға мән беру тіл жұмсаудағы ұлттық сөз жүйесіндегі сан ғасырлық дәстүрді жалғастырып келіп саяды. «Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер сияқты, екшеліп, қырланған, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылықтары, яғни нормалары бар. Бұл нормаларды берік сақтап, іс жүзінде ұстана білу «сөз мәдениеті» деп аталатын үлкен бір әлеуметтік мәні бар құбылысқа, талапқа барып тіреледі. Осыдан барып, сөз мәдениеті дегеннің ішінен «ауызша сөйлеу мәдениеті» деген саланы бөліп әңгімелеуге болады» – дейді сөз мәдениетін зерттеген көрнекті ғалым Р. Сыздық (Сыздықова, 2014: 216). Қазақ тілінде сөйлеу өнерінің өзіне ғана тән амалдарын, сөйлеу тәсілдерін, сөз әдебіне тән ұлттық қағидаларды жас ұрпақтың бойына сіңіру қазіргі таңдағы үздіксіз білім беру жүйесінің қай сатысында да өзекті болғандықтан, бұл мәселенің шешімін бірлесе іздеп табу – басты міндет.

Білім алушының зияткерлік деңгейі мен тұлғалық мәдениетін арттырудың басты шарты – тілдік қатынасқа төселдіру амалдарын жүйелі үйрету. Бұл жерде «тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алысуы, адамдық қатынастың түп қазығы дегенді білдіреді» (Оразбаева, 2019: 74). Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас теориясын арнайы зерттеп, оны ғылыми негіздеген отандық ғалымдар сөйлесім әрекетінің өзін іштей бес топқа жіктейді: тыңдалым,

оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім. Соңғы жылдарға дейін, «сөйлеу» мағынасында қалыптасып келген «говорение» ұғымының «айтуға» жақын екенін дәлелдеп, «айтылым» терминін қалыптастырған болатын. «Айтылым – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз мақсатына сәйкес ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты жеткізуі, санамен қабылданатын сыртқы дүниенің әсерін ауызша айту арқылы білдіретін, қатысымдық бірліктерді қамтитын күрделі процесс» деп нақты анықтама берді (Оразбаева, 2019: 331). Жоғарыдағы тұжырымдарды саралай келгенде, сөйлесім әрекетінің бір құрауышы болып саналатын айтылым монологтік сөзбен толық сәйкес келеді. Сондықтан айтылым мәдениеті мәселесін тек диалогтік тұрғыдан емес, монологтік сөйлеу мәдениетімен барабар деп қараған ләзім. Себебі айтылымда нақты қойылып отырған мәселе туралы адам өз ойын түсінікті, жүйелі етіп айтуы тиіс. Оның үстіне монологтік сөз тілдің ауызша және жазбаша формасының екеуіне де қатысты. Ол жазбаша дайындалып, жұртшылық алдында ауызша айтылады.

Ауызша және жазбаша тілдің ортақ жақтары да, бірі-бірінен айырмашылықтары да бар. Олардың басты ерекшелігі ойды жеткізу құралдарына байланысты. Ауызша тілде адамның ойы тіл дыбыстары арқылы айтылса, жазбаша тілде әріп таңбалары мен тыныс белгілері арқылы жеткізіледі. Ауызша сөйлесімде ауызекі сөйлеу стиліне тән белгілердің кездесуі табиғи жайт. Онда сөйлемдердің толық болмауы қалыпты саналады. Сонымен бірге тілдік емес құралдар да қолданылады. Айтылым үдерісінде сөздердің орнын дауыс ырғағы мен мәнері, сазы, сөз кідірістері толықтырып жіберетін жайлар жиі ұшырасады. А. Чеховтың айтуынша, ауызша сөзде «интонация сөзден де артық» қызмет атқара алады.

Өйтсе де, ауызша тілмен қатар ауызекі сөйлеу тілінде де ойды жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдардың қолданылуында нақты ереже жоқ деуге болмайды. Сөйлеу мәдениеті талаптарына сәйкес онда да ойды жеткізудің түсініктілік, жүйелілік, дәйектілік секілді шарттарын орындау қажет. Сонымен қатар бейвербалды құралдарды қолданудың да өз әдеби сақталуы маңызды.

Ерте бастан-ақ ауызша сөйлеу мәдениетіне үйрету айтылым әрекеті бойынша монологтік сөз құрау амалдарын меңгерту арқылы мүмкін болады. Ол коммуникативтік-прагматикалық әдістерді қолдануды талап етеді. «Коммуни-

кативтік-прагматикалық әдіс – сөйлеу үдерісінде тілдік бірліктерді прагматикалық қасиеттеріне сай дұрыс жұмсау үшін пайдаланылатын әдістердің, тәсілдердің өзара интеграциясы. Ол бүгінгі таңда барынша күрделеніп бара жатқан адам қызметтерін үйлестіру мақсатында оның сөйлесім әрекетін реттеуге және жемісті қарым-қатынас жасауға қол жеткізуіне қажетті қатысым жағдаятына сай жүзеге асырылады» (Комарова, 2020: 69). Мәселен, ауызша мәтін құрауға үйрету барысында тақырып, негізгі ой, идея, абзац туралы нақты білімнің берілуі айтылым мәдениетін қалыптастырудың талабы деп саналады. Себебі бас-аяғы бүтін мәтінде ойдың басталуы, дамуы мен қорытындылануы логикалық тұтастықта көрініс табады. Осы тұтастықтың сақталуының басты шарты – онда не туралы айтып отырғанын білдіретін нақты тақырыбының болуы. Мәтін мен тақырыптың қайсысын бірінші таңдау тиімді? Әдетте, алдымен, тақырып ұсынып, соған сай мәтін құрату немесе, керісінше, дайын мәтінге тақырып қойдыру арқылы да ой түюге үйретуге болады. Мұның біріншісінде сөз иесі тақырыпқа қарай материалдар жинап, өз ойын жүйелеуге үйренсе, екінші жағдайда дайын мәтін мазмұны бойынша негізгі ойды анықтай отырып, автордың айтпақ мәселесін нақтылауға және оны тақырып түрінде жинақтауға төселеді. Мәтінге тақырып таңдаудың да өз қиындығы бар. Тақырып мәтіннің мазмұнын толық ашып тұруымен бірге, адресаттың қабылдауына да сай болуы керек. Тақырып қысқа да нұсқа, түсінікті әрі қызықты болу шарт.

Айтылым мәдениетін қалыптастыруда мәтін құрылымының кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды деп аталатын үш компонентінің өздеріне тән ерекшеліктері бар екенін және олардың әрқайсысының мақсатына сай қолданылатын арнайы тіл құралдары да болатынын білдіру маңызды. Мәселен, ойдың басталуын

білдіретін белгілі бір формалар бар. Сол сияқты бір ойдан екінші ойға ауысуына, тақырыптың аяқталуына қатысты сөз орамдарын меңгерту де ауызша сөз мәдениетінің талабы болып саналады. Мәтінде берілген ой тақырыптың басы мен соңында тұрақты болып келеді.

Ауызша сөйлеуге үйрету үдерісінде осындай нақты білімдерді меңгертуде білім алушыларға сөз сөйлеудің әр бөлігіне тән сөйлеу конструкциялары мен тілдік оралымдарды ұсыну маңызды. Ауызша сөздің сауатты болуы, әрине, оған дайындықтың деңгейіне тікелей байланысты болатыны сөзсіз. Сондықтан қандай сөз болмасын оған жіті дайындық алдымен жазбаша материалдармен жұмыс арқылы бекітіліп, ширатылады. Мысалы, ғылыми-көпшілік сипаттағы сөз мәтінін әзірлеуде оған бірнеше сатылы дайындықтың жасалу жолы түсіндіріледі. Мерзімді басылымдардағы немесе жинақтардағы бір жарияланымға қатысты өз пікірін ауызша білдіру үшін білім алушыға оны талдауда қандай мәселелерге назар аудару қажеттігін түсіндірумен қатар, өз сөзін қалай түзудің, ойын дәлелдеп, дәйектеп, жүйелі жеткізудің талаптары мен тілдік амалдарын үйрету маңызды. Бұл өзге адамның жарияланған материалы бойынша реферат-конспект жаздыруға үйрету жолымен жүзеге асырылды. Эксперимент барысында білім алушыларға нақты бір мақаланы талдау үшін ауызша сөзді әзірлетуде мынадай құрылымдық сызбамен жұмыс ұсынылады (№1 кесте). Мұндай тапсырманы орындау арқылы білім алушылар:

- жүйелі сөйлеуге үйренеді;
- өз ойын коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан сауатты жеткізуге төселеді;
- талдау және ой қорыту дағдыларын меңгереді;
- ауызша сөзге дайындықтың маңызын түсінеді.

1-кесте – Реферат-конспект жазудың құрылымы мен тілдік құралдары

Реферат-конспект құрылымы	Қолданылатын сөз оралымдары
I Кіріспе бөлім:	
1.1 Бастапқы мәліметтер (еңбектің атауы, қашан, қайда жарияланғаны, неге арналғаны)	Еңбек «...» деп аталады. Мақала/еңбек ... жылы «...» газетінің/журналының №... санында жарияланған. Бұл еңбекте ... туралы/жайлы/жөнінде айтылады.
1.2 Автор туралы мәліметтер (аты-жөні, ғылыми атағы мен дәрежесі)	Еңбектің авторы – ғылымдарының докторы/кандидаты Ғалымның бұл мәселеге қатысты бірнеше жарияланымдары бар.
II Сипаттау бөлімі:	
2.1 Жарияланымда айтылған негізгі мәселелер атап көрсетіледі;	Еңбекте (не туралы?) баяндалады/ ашылады; келесідей мәселелер қойылады;

Реферат-конспект құрылымы	Қолданылатын сөз оралымдары
2.2 автор көтерген басты проблемалар аталады;	Ең алдымен, автор ... баяндайды/сипаттайды; содан соң талдау жасайды/ тоқталады/.
2.3 Автор қолданған әдістер, тәсілдер, құралдар	Автор өз жұмысында (нені?) атап өтеді; (нені?) дәлелдейді/дәйектейді. Автор мынадай (фактілер, дәлелдер, айғақтар) келтіреді.
III Қорытынды бөлім:	
3.1 Еңбектегі маңызды тұжырымдар атап көрсетіледі	Сонымен, автор деген қорытындыға келеді. Ең соңында автор мынадай тұжырымдарын ұсынады/жасайды.
3.2 Жарияланым авторының тұжырымдарына байланысты сөйлеуші автордың өз қорытындылары	Қорыта келгенде, еңбек авторының ... туралы тұжырымдарын бағалаймыз. Біздің ойымызша, қарастырылған мәселелер бойынша: - ... - - деп ой қорытуға болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Эксперимент барысында білім алушыларға осындай нақты бағыт беру арқылы оларға коммуникативтік-прагматикалық парадигмаға сай ауызша сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасына тән сөйлеу дағдылары меңгертілді. Нәтижесінде білім алушы:

біріншіден, сөз жүйелілігін сақтауға;
екіншіден, өз ойын дәлелдеп, дәйектеп жеткізуге;

үшіншіден, пікірін анық, нақты білдіруге;
төртіншіден, еңбекті объективті бағалауға;
бесіншіден, талдау барысында қажетті сөз орамдары мен клишелерді сауатты қолдануға;

алтыншыдан, өзіндік тұжырымдар жасауға, ой қорытуға;

жетіншіден, көпшілік алдында сенімді сөйлеуге;

сегізіншіден, сөз мәдениеті талаптарын сақтап сауатты сөйлеуге төселдірілді.

Қандай да бір сөйлеу әрекетінің басқа түрлеріндегі сияқты айтылым да адамның өз ойын жарыққа шығару мақсатынан туындайды. Сол ойды тыңдаушыға анық, түсінікті және өтімді етіп жеткізуге қажетті талаптарды біліп, оны сақтау – функционалдық сауаттылық пен мәдениеттіліктің көрсеткіші. Оны білгенде ғана субъект өз ойын белгілі бір логикалық жүйе бойынша өрістете алады. Мысалы, жоғарыда көрсетілген сызба бойынша дайындықтан өткен білім алушы сөзінің кіріспе бөлімінде айтпақ ойын тезис (автор оқырманға, тыңдаушыға жеткізгісі келетін негізгі ой) түрінде тұжырымдап ұсынудың амалдарын қолданады. Ал, негізі бөлімде айтпақ ойын дәйектейтін аргументтерді (дәлелдер, мысалдар, иллюстрациялар, автордың

тезисін растайтын ой) пайдаланады. Қорытынды бөлімде сөз басында айтылған тезистерден өзіндік ой тұжырымдарын шығаруы тиіс болады. Еңбек авторының тұжырымдарын бағалаумен қатар, өзіндік ой қорытындыларын жүйелеуге мүдделілік таныта отырып, оны жеткізудің тілдік тәсілдерін меңгереді.

Жалпы кез келген мәтіндегі басты өзек сол мәтіннің мазмұндық-құрылымдық жүйесін тұтастырып, оның барлық компоненттерін бір бүтін қалыпта қисынды етіп біріктіретін негізгі ой деп аталады. Сөз авторы мәтінде сөйлеудің қандай амал-тәсілдерін қолданса да, негізгі ойдан ауытқымай, оның сақталуын қадағалап отыруы тиіс болады. Айтар сөзін түйіндер тұстарда үнемі сол негізгі ойға оралып отыруы міндетті.

Негізгі ойды дұрыс әрі сауатты жеткізу үшін ол әр қырынан ашылуы заңды. Себебі бір ойды әр қырынан танытқан сайын тақырып та ашыла түседі, автордың айтпағы да нақтылана береді. Негізгі ой өзегін ашуға қызмет ететін мәтін бөліктері абзац болса, сол әр абзацтың түйіні негізі оймен ұштастырылып отырады. Абзацы айқындалмаған мәтінді түсіну де, қабылдау да өте қиын. Абзац, әдетте, негізгі ойды дәлелдеуге қатысты жаңа бір қосалқы ойды білдіру қызметін атқарады. Сондықтан әрбір абзацтың бірінші сөйлемі тұжырымды болуы шарт. Бұны осыған дейінгі ойларға жалғасып жатқан жаңа ойдың бастамасы қызметін атқаратын «конспекті-сөйлем» десе де болады. Сөйлеушіні айтылым мәдениетіне үйретуде осындай детальдардың қай-қайсысы да мәнді болып саналады.

Осындай сауатты құрылымданған сөзді ауызша жеткізуде оның өзіне тән қағидаларын сақтау қажеттігі де білім алушыларға айқын түрде меңгертілуі тиіс. Қазақ тіл біліміндегі

зерттеулерде тілдік норманы тағы да іштей жіктеп бөлу үрдісінің бар екенін байқауға болады. Олар, өз кезегінде, сөздің коммуникативтік-прагматикалық қуатын арттыруға мүмкіндікті молайтады. Өйткені сөйлеушінің сөз сазы, әуені, мәнері, мақамы секілді тыңдарманға жағымды әсер ететін факторлардың ескерілуі, бір жағынан, сөйлеушінің харизмасын күшейтіп, оның сөз сөйлеу мәдениетін аңғартса, екінші жағынан, сөздің мағыналық дәлдігімен бірге ойға орнықты, көңілге қонымды болуына да тікелей әсер етеді. Бұл талапты да тілді оқыту үдерісінде ескеріп отыру білім алушылардың сөз мәдениетін жетілдіруге өз септігін тизетіні кәміл. Осындай талаптардың маңызын айқындай отырып, С. Аташев тілдің ішкі құрылым жүйесіне байланысты мынадай негізгі нормаларды көрсетеді:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстардың дұрыс-анық айтылуы (фонологиялық-дикциялық);
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірістерді сақтау және дауыс тембрі (интонологиялық-просодиялық);
- екпіннің түсуін және түрлерін сақтау (акцентологиялық);
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті салып жазу (шрифтологиялық-каллиграфиялық);
- сөйлеу мәдениетіне қатысты нормалардың сақталуы (қатысымдық);
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлдеу, сөздерді іріктеу (образды-эстетикалық);
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтық, дәстүр-салттық ерекшеліктерді сақтау (коммуникативтік-этникалық);
- сөйлегенде ойдың көлемін, мазмұндық құрылымын, хабардың жеткізу жүйесін реттеу (информативтік-коммуникативтік, контекстік) (Аташев, 1996: 56).

Бұл нормалардың бәрінде сөз дұрыстығы (нормативтік сапа), сөз шеберлігі (қатысымдық сапа) және сөз әдебі (этикалық сапа) талаптары іштей сабақтастырылып, өзара тоғысып жатқандықтан, әрқайсысын әмбебап жүйе ретінде әрі қарай да тереңдетіп қарастыруға болады. Өйтсе де, олардың әрбірі сөйлеу мәдениетімен өзара бірлікте бола тұра, ғалым бір жерде ғана оны ерекшелеп, нақты қатысымдық норма деп көрсеткені ойға қонымсыз. Себебі акцентологиялық та, фонологиялық-дикциялық, образды-эстетикалық, коммуникативтік-этникалық норма деп отырғанының кез келгені сөз мәдениетінің нормасы болып саналады.

Сөз мәдениетінің аса маңызды бөлігі оның қатысымдық қыры болып табылады. Өйткені мұнда сөйлеуші білімінің білікке ауысатын дағдылары айқын танылады. А.Байтұрсынұлы көркем сөздің ішкі және сыртқы сындары болатынын тұжырымдай келе, «сөйлеуші тілінің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін, көрнектілігін, әуезділігін, өрнектілігін» тысқы сындар деп көрсетеді (Байтұрсынұлы, 2006: 101). Бұлар сөз мәдениеті тұрғысынан қарағанда, оның қатысымдық сапаларымен толық үндеседі.

Ғалымдардың пайымдауынша, «коммуникативтік нормаларға тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады» (Сыздықова, 2014: 22). Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың нәтижелі болуы осы нормаларды терең біліп, оны орайлы пайдалануға тікелей тәуелді болып келеді. Осымен байланысты, яғни сөздің қатысымдық сапасына қатысты тұжырымдар сөз табиғатын зерделей таныған шешендердің ой-тұжырымдарында, бұл мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың еңбектерінде жиі көтеріледі. Бұл – адамдардың арасындағы қатынастың, адам игеретін барлық өнердің бастауы тіл деп білетін халықтық қағидалардың тамырлы екендігін де дәлелдесе керек. Мәселен, атақты Бөлтiрiк шешен бiр үлкен тойда орынсыз айтқан бiр ауыз сөзi үшiн опық жеген баласына былай дейдi: «Сөзден тәттi нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңiл нәрсе жоқ, сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзiңдi тiлiңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзiңдi ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтiңiңдi бiл, кiмге сөйлейтiңiңдi бiл, қашан сөйлейтiңiңдi бiл, қайда сөйлейтiңiңдi бiл, қалай сөйлейтiңiңдi бiл. Оны бiлмесең, сара сөзiң шала болады, арты жала болады» (Бөлтiрiк шешен, 2010:11). Осы даналық ой сөздің коммуникативтік-прагматикалық парадигма аясында қарастырылатын ауызша сөздің шарттары мен сөз сапаларына қатысты барлық ережелерді біртұтастықта қамтып тұр.

«Қазіргі ғылымда сөздің қатысымдық тұрғыда ұтымдылығын танытатын басты мәселе сөздің айтылу орнына қарай тыңдаушының жас және психологиялық ерекшелігін, оның әлеуметтік жағдайын, т.б. ескере отырып жүйеленуінде екендігі дәйектеліп отыр. Сондықтан сөйлеушінің өз сөзінде тілдің функционалдық тармақтарының ерекшелігін, тілдің прагматикасының шарттарын ескеруі маңызды болып саналады. Яғни әдеби тіл стильдерінің ерекшелігін білумен қатар, өзінің коммуникативтік мүддесіне сай сөйлеу тілінің

мақсаты мен тілдік құралдарын айқындап, оларды қарым-қатынас жағдаятына лайықтап, дұрыс қолдануы талап етіледі. Егер, ғылыми дискурста, ресми дискурста, публицистикалық дискурста, сөйлеу тілінде олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері ескерілмесе, онда, біріншіден, сөйлеушінің өзінің көздеген мақсатына жетуі неғайбыл, екіншіден, бұл сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін көрсетеді» (Дәулетбекова, 2017: 123).

Білім алушылар әртүрлі қатысымдық жағдаяттардың ерекшелігіне қарай айтылатын сөздің негізгі мақсаты мен коммуниканттың даралық ерешелігін де ескеруі маңызды екенін ойға тоқуы керек. Бұлар тілдік емес сыртқы шарттар деп саналатынын есте сақтауы қажет. Бұл факторларды дұрыс тану арқылы олар жағдаятқа дәл келетін сөздерді талғай алуға, олардың басын құрап, сөз саптауға үйренеді. Сол себепті сөз мәдениетінің ғылыми негіздерін зерттеген ғалым Н. Уәли сөз мәдениеті тұрғысынан қарастырғанда стиль түрлері деудің орнына, дискурс түрлері деп алудың тиістілігін дәйектеп берді. Осыған орай өз зерттеулерінде ғалым сөздің коммуникативтік сапасын анықтауда диалогтілікті (диалогичность) негіз етіп алады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде бес түрлі функционалдық стильдік жүйе қалыптасқаны белгілі. Осы стиль түрлеріне қарай сөз саптауда сөйлеуші, алдымен, қарым-қатынастың типін ажыратуға тиіс: қарым-қатынас жағдаятын анықтауы керек екендігін алға тартады зерттеушілер. Сөйлеуші, алдымен, қарым-қатынас жасайтын субъектілерді (жеке адам/көпшілік); олармен байланыстың түрін (дистактілік/контактлік); қарым-қатынастың қандай сипатта (ресми/бейресми) құрылатынын; тілдік қатынастың қандай формада (ауызша/жазбаша) жүргізілетінін; сөз саптау тәсілдерінің (баяндау/сипаттау/пайымдау) қайсысы басымдыққа ие болуы тиіс екенін; сөйленетін сөздің қандай формада (диалог/монолог) жүзеге асырылатынын алдын-ала айқындап алуы тиіс. Бұлар қатысымның тілдік емес шарттары болып саналады. «Себебі сөздің коммуникативтік сапасы туралы айтылғанда басты мәселе мәтінмен шектелмейді, ең негізгі адресат факторы басты назарда болады. Коммуникативтік «уақиға» фреймі – автор, сөз актісі – адресат және сөз жағдаяты деген құрылымдардан тұрады. Мұнда «диалог» концепциясы бойынша адресат позициясы басымдылыққа ие болады (Уәли, 2007: 28).

Сөз мәдениетінің антропоцентристік парадигмаға негізделуін айғақтайтын мұндай

ұстаным білім алушылардың ойлау қабілетін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар олардың сөйлеу дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру үдерісінде басты орын алады. Әрбір ауызша айтылатын сөздің сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қатынасты қалыптастыру дәрежесі жоғары деңгейде болуы үшін екі жақтың да білімдік, адамгершілік, этикалық әлеуетінің дамытылуына оқу үрдісінде ерекше мән берілуі көзделеді. Себебі адам тілдік қарым-қатынаста әрі тыңдаушы, әрі баяншы рөлін орындайтыны белгілі. Сондықтан сөз мәдениеті талаптарын арнайы меңгерту арқылы тұлғаға сөз сөйлеу амалдарын ғана меңгертумен шектелмейді, олардың тыңдау мәдениетін де дамытуға жол ашады. Өйткені тілдік қатынаста бір адам аталған екі позицияда қатар әрекет етуге мүдделі болады. Сөйлеуші ретінде де, тыңдаушы ретінде де ол тілдік және танымдық кодтарды меңгеруі қажет. Сонда ғана қарым-қатынас жасаушы субъектілер арасындағы диалог көзделген нәтижеге жетуге септеседі. Егер диалог жалпы адамзат қоғамындағы тұлғаның әлеуметтенуінің, ортаға сіңісуінің негізгі шарттарының бірі десек, онда тілді оқыту үдерісінде диалогтік, полилогтік сөз түрлері мен оған қатысты сөйлеу нормаларын, қатысымдық мәдениетті қатар үйрету мәселесі теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да тереңдей қарастыруды талап етеді. Сол себепті сөз мәдениеті нормаларын меңгерту, сөз сапасына қатысты білімдерді білім алушының өмірлік дағдыларына тірек етіп ұстану – бүгінгі педагогиканың жаңашылдық сипатының бір көрінісі.

Зерттеушілер тілді оқыту үдерісінде сөйленетін сөздің қатысымдық сапасын көтеретін әртүрлі факторларды ескеріп отыруды басты талап деп санайды. Сөйлегенде айтылатын ойдың тереңдігі мен әсерлілігін арттыратын шыншылдықтың, сөздің бедерлілігі мен көркемдігінің, субъектінің өзіне тән даралығын айқындайтын сөз саптау ерекшелігінің, сөз қоры байлығының, лебіздің «бөтен сөздерден» тазалығының жоғары бағаланатынына назар аударады. Себебі тұлғаның сөз мәдениетінің деңгейін анықтауда оның тіл байлығымен қатар, әр сөзді орынды жұмсау тәсілдетірін жетік меңгеруі де қаперге алынады. Адамның тілдік қатына кезіндегі сөз шеберлігі өзінің алға қойған нақты мақсатына сай сөздерді логикалық тұрғыдан дұрыс қиыстырып, шеберлікпен жұмсауынан айқын көрінеді. «Сөз мәдениетінің шыңы саналатын шешендік сөз – көркем тілмен бейнеленген, сын сарабынан өткен мол тәжірибе,

даналық ой. Жұрт алдында сөйлеушінің сөзінің екі жағы болады: бірі – сөздің мәні мен мағынасы, екіншісі – сол сөзді тыңдаушыға өз мәнінде жеткізе білуі» (Негимов, 1997: 86). Қарым-қатынастың қай түрінде де сөйлеуші сөзінің анық, түсінікті, нақышты болуы қандай маңызды болса, өз ойын сазды, мәнерлі, тартымды, жағымды етіп жеткізуде қазақ тілінің өзіне тән орфоэпиялық нормаларын сақтай алуы да сондай мәнді.

Сөз дұрыстығынан бастау алатын сөз шеберлігіне қол жеткізу – тұлғаның сөз мәдениетін игергенінің көрсеткіші. Ғалым Н. Уәлиев «осы шыңға жеткенде ғана сөйлеуші сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі, т.б. тәрізді сапалармен тыңдаушысын баурап алып отыратынын» (Уәли, 2007: 16) дәйектейді.

Айтылым мәдениеті туралы сөз түптеп келгенде, функционалды прагматикамен де тығыз ұштасып жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, «функционалды прагматика категориялары ретінде қоғам мен тұлға және сөйлеу әрекеті танылады. Яғни, тұлға қоғам ішінен қалыптасып, тіршілікке бейімделу мақсатында тілді пайдаланады, амал-әрекет жасайды деп есептейді. Және де кез келген тұлғаның қоршаған ортаны тануда өзіне тән шындық өлшемдері бар делінеді. Ол философиядағы шындық категорияларынан бастау алғанмен, функционалды прагматикада экстралингвистикалық, менталды, тілдік шындық деп айтылады. Демек, функционал-

ды прагматикада сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу әрекеті барысындағы тілдік формаларды дұрыс пайдалануымен қатар ниеті, пиғылы, ойы, стилі, тактикасы да маңызды. Бұл жаңа бағыт тілді зерттеудің аясын кеңейтеді деген сөз» (Алкебаева, 2020: 91). Олай болса, айтылым мәдениетінің бұл қырларын ары қарай таратып зерделеу келер күннің еншісінде деп білеміз.

Қорытынды

Сонымен, үздіксіз білім беру жүйесінде білім алушылардың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін арттырудың басты шарты сөз мәдениетіне, соның ішінде айтылым мәдениетіне баулу – бүгінгі қоғам сұранысынан, дәуір талабынан туып отырған өзекті мәселе. Сондықтан тілді оқыту процесінде өзінің бастауын сан ғасырлық тарих теңізден өткен ана тіліміздің сөз әдеби талаптары мен сөз шеберлігіне тән қатысым қағидаларын заманауи тұрғыдан жетілдіре отырып меңгерту жолдарын арнайы қарастырып, зерделеу ләзім. Бұл – рухани жаңғыруға бет алған қоғамның білім жүйесінде дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуына мүмкіндік бере отырып, жас ұрпақтың бойында ұлттық кодты қалыптастырудың ең тиімді шарттарының бірі. Бұл орайда заманауи лингвистикада кең өріс алып отырған коммуникативтік-прагматикалық парадигма талаптарына сай келетін теориялық қағидаларды ұстанудың маңызы зор.

Әдебиеттер

- Комарова З.И. Коммуникативно-прагматическая парадигма в дисциплинарно-методологическом пространстве современной лингвистики//Вестник Челябинского государственного университета. – 2013. – № 1 (292). Филология. Искусствоведение. Вып. 73. С. 66–71.
- Байтұрсынұлы А. Бес томдық шағармалар жинағы. – 2-том. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320.
- Аккузова А. Антропоэзеттік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде) 6D021300 – Лингвистика Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020.
- Кант. Философия. – Москва, 1988. – 426 с.
- Тэйлор Э. Первобытная культура. – Москва: Политиздат, 1989. – 578 с.
- Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 290 б.
- Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: «Ан Арыс», 2019. – 584 б.
- Аташев С. Қазақ тілі қандай тіл немесе тіліміздің қарым-қатынастық заңдылықтары // Қазақ тілі мен әдебиеті. –1996. – №1. – 54-59 б.
- Бөлітірік шешен. (Кұраст. Ж. Дәдебаев). – Алматы, 2010. – 120 б.
- Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі: монография. – Алматы, 2017. – 240 б.
- Уәли Н. Сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері: Фил. ғыл.докт. дисс... авторефераты: -10.02.02. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 50 б.
- Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 208 б.
- Алкебаева Д.А., Заурбекова Л.Ж., Абдуришид Я. Функционалды прагматика теориялары// Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «ХАБАРШЫСЫ». Филология сериясы. – №1 (177). Алматы, 2020. – 86-92 бб.

References

- Komarova Z. I. [Communicative and pragmatic paradigm in the disciplinary and methodological space of modern linguistics]// Bulletin of Chelyabinsk State University.-2013. -№ 1 (292). Philology. « 73. pp. 66-71. (In Russian) 2 Baitursynuly A. [Collection of shagrms in five volumes]. – Volume 2. – Almaty: «Alash», (2006). – 320. (In Kazakh)
- Akkuzova A. [Anthropozoic paradigm: communicative and pragmatic potential of an artistic text (based on the works of D. Isabekov)] dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) 6d021300-Linguistics. – Almaty, (2020). (In Kazakh)
- Kant. [Philosophy]. Moscow, (1988). -426 P. (In Russian)
- Taylor E. [Primary culture]. Moscow: Politizdat publ., (1989). -578 P. (In Russian)
- Syzdykova R. [Language norm and its normalization (codification). Collection of multi-volume works]. – Almaty: «El-she-zhire», – (2014).-290. (In Kazakh)
- Atashev S. [What is the Kazakh language or the laws of communication of our language]// Kazakh language and literature. – (1996). – No. 1-54-59 P. (In Kazakh)
- Orazbayeva F. [Language communication].- Almaty: «an Arys», (2019). -584 P. (In Kazakh)
- Boltirik Chechen. (Comp. Zh.Dudebayev). Almaty, (1987). -210 P. (In Kazakh)
- Dauletbekova Zh. T. [Word culture is the result of language education. Monograph]. – Almaty, (2017). – 240 P. (In Kazakh)
- Uali N. [Scientific and theoretical foundations of word culture]. Phil. science.doct. abstract: -10.02.02. – Almaty: Institute of Linguistics, (2007). -50 P. (In Kazakh)
- Egimov S. [Public Speaking]. – Almaty: writer, (1997). -208 P.
- Alkebayeva D. A., Zaurbekova L. zh., Abdurishid Ya. [Theories of functional pragmatics]// Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philological series.- №1 (177). Almaty, (2020). – op 86-92. (In Kazakh)